

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары– 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее», посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. - 2017. - Т.1, Ч.5. - Б. 297-300

ТАУАРДЫ ТҮПНҰСҚАЛЫҚҚА ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН МОБИЛЬДІ «RATE&SHARE» ҚОСЫМШАСЫН ӘЗІРЛЕУ

Аркен Г., Нұрахметов Д.Б

Android – бұл Linux ядросында негізделген, компактты құрылғыларға арналған ашық шығыс коды бар операциялық жүйе. Android - смартфондарға, коммуникаторларға, сонымен қатар, түрлі планшеттік дербес компьютерлерге, дербес медиа-плеерлерге және т.б портативті құрылғыларға арналған танымал операциялық жүйе болып табылады. Қазіргі кезде Android ОЖ-сі қолданыстағы қалта құрылғыларында, ARM процессорлар отбасында, x86 процессорлы қарапайым компьютерлерде және т.б көптеген платформаларда жұмыс істейді [1].

Android әрбір қосымшаның негізінде жатқан және фреймворктың бөлігі болып табылатын қызметтер мен жүйелердің базалық жиынтығына келесілер кіреді:

1. Қосымшалардың визуалды компоненттерін жасау үшін қолданылатын кеңейтілген және бай көріністер жиынтығы (Views), мысалы, тізімдер, мәтіндік жолдар, кестелер, батырмалар және тіпті кірістірілген web-браузерлер.

2. Бір қосымша басқа қосымшалардың өзінің жұмыс жасауына пайдалана алатындай ашып беретін деректерді басқарушы контент-провайдерлер (Content Providers).

3. Кодтан тұрмайтын ресурстарға рұқсатын қамтамасыз ететін ресурстар менеджері (Resource Manager), мысалы, жолдық деректерге, графикаға, файлдарға, басқаларына.

4. Хабарлау менеджері (Notification Manager), бұның арқасында барлық қосымшаларда қолданушы үшін қалып-жағдай жолында жекелеген мәлімдемелерді көрсете алады.

5. Әрекеттер менеджері (Activity Manager) қосымшаның өмір сүру кезеңін басқарады, әрекеттермен жұмыс тарихы жайында деректерді сақтайды, сонымен қатар жүйеге ол бойынша бағыттауға мүмкіндік береді.

6. Тұрғылықты орын менеджері (Location Manager), қосымшаларға құрылғының ағымдағы географиялық жайы жайында жаңартылған деректерді алып отыруға мүмкіндік береді [1].

Android операциялық жүйесінде жасалған қосымшаның артықшылығы – әрдайым қолжетімді және пайдаланылуға ыңғайлы әрі түсінікті. Сонымен

катар Андроид қосымшасы орнатылған құрылғылардың саны 250 миллионнан асады. Егер осы жүйені қолданатын адамдар бірігіп мемлекет құрар болса, онда оның халық саны Ресей мен АҚШ-тан асып түсер еді және де ешқандай құпиясы жоқ, Android-ты жүйе ашық жүйе. Бұл факт олардың бағдарламасы қосымша жасаушылардың арасында танымалдылығымен дәлелденеді. Сапалы, ерекше идеялары арқылы олар миллиондар тауып отыр [2].

Қазіргі таңда Android операциялық жүйесінде анықтамалық қосымшалар кең таралған. Олардан көңіл көтеретін тақырыптамадан бастап ғылыми монографияға дейін алуан түрлі мағлұматтар алуға болады. Мұндай әдісті білім беру үрдісінде де қолдануға болады. Себебі мобильдік құрылғылар біздің күнделікті тұрмысымызға тығыз еніп кетті. Мобильдік телефонсыз өмірді елестету қиын. Сол себептен біздің мобильдік қосымшамыз Android операциялық жүйесінде жасалынды.

«RATE&SHARE» қосымшасының практикалық және теориялық маңызы: Қазіргі заманда көптеген тауарлар жасанды қоспалармен шығарылады және олардың жасанды көшірмелері де аз емес [3]. Ол адамның денсаулығына кері ықпалын тигізіп, қаржылай шығынға ұшыратады. Сол себепті кез келген тұтынушы тауарлардың түпнұсқалығын лезде тексеруін қалайды. Бұл қосымша тұтынушыға сапалы тауар таңдау үшін сенімді көмекші болады. Тауар сыртындағы штрих кодты сканирлеу немесе оны қолмен енгізу арқылы көптеген тауарлар туралы деректер қорына жедел қолжетімділікке, басқа тұтынушылардың пікірлері арқылы тиімді тауар сатып алуға мүмкіндік береді.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі: Тұтынушыға сапалы тауар сатып алуға мүмкіндік беру. Берілген тақырыпты зерттеудің өзектілігі мобильді қосымшалардың дамуының қазіргі заманғы кезеңі мен жаңа қосымшалар құру үрдісімен сипатталады. Қазақстанда ұқсасынша қосымшалардың бірі «Wiron» болып табылады [4]. Бұл қосымша арақ пен шараптың түпнұсқалығын тексеруге арналған. Ресейде «ratengoods» қосымшасы [5]. Бұл қосымшаның мақсаты тұтынушыларға сапалы тауар таңдауға көмек беру. Атқаратын жұмысы тауар сыртындағы штрих кодты сканирлеу арқылы, сол тауар жайлы лезде ақпарат және басқа тұтынушылардың пікірін алуға болады. Осы тұста біздің ұсынып отырған қосымшамыздың алар орны ерекшеленетініне біз сенімдіміз. Себебі Қазақстан тұтынушыларына арналған сәйкесінше қосымшалар өте аз.

Зерттеу мақсаты және негізгі міндеттері: Зерттеу жұмысымыздың мақсаты тұтыну тауарларының сапасын халыққа қол жетімді ету. Сатылатын тауарлардың сапасыз және қауіпті өнімдерден тұтынушыларды қорғау. Негізгі міндеттері:

- Қазақстанда және шет елдерде тауар сапасын анықтауға арналған мобильді қосымшалар туралы ақпарат жинау;
- Сапалы тауар таңдаудың алғы шарттары мен стандарттары туралы маңызды құжаттармен танысу;
- Тұтынушыға тек пайдалы тауарларды тұтынуға үйрету;


- Android платформасында негізгі мәселені шешуге арналған функцияларды әзірлеу.

Жалпылай алғанда ақпараттық қоғамның негізгі талабы-халыққа ақпараттық білім беру негіздерін беру, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптасытырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу болып табылады.

Жалпы түпнұсқалыққа тексеруді кез келген тұтынушыға қол жетімді ету. Сол себепті қосымшада түпнұсқалыққа тексерудің алгоритімдері мен әдістері түсіндіріледі.

Бұл алгоритімдер мен әдістер [6]-жұмысқанегізделген.

Жасалған қосымшасының бас мәзірі 1-суретте, сканерленген кодты оқығаннан кейін шығатын нәтиже 2-суретте көрсетілген.



1-сурет. Бас мәзір

2-сурет. Тауар жайлы мағлұмат

Тұтынушыға тауардың түпнұсқалығын тексеруге теориялық негізде қысқаша анықтама түрінде көрсетеді. Ол 3-суретте көрсетілген.



3-сурет.

Қорытынды. Қазіргі кезде біздің ғылыми зерттеу жұмысымыз маңызды тұсына келді. Тұтынушыларға арналған сайт және тауарлар жайлы деректер қоры кеңейтілу үстінде. Бұл мобильдік қосымша тұтынушы тауарлар мен олардың өндірушілерінің арасындағы ең сапалысын әрі түпнұсқасын таңдауға көмек беретін мобильдік гид болатына сенімдіміз.

Әдебиеттер тізімі

1. Android ож-нің даму тарихы. Android ож-нің пайда болуы
[http://www.studfiles.ru/preview/5428010/page:14/\[10.03.2017\]](http://www.studfiles.ru/preview/5428010/page:14/[10.03.2017])
2. Zodian, S.A. Digital prosumtion.The Android case.ICCSBS 2017 - THE ANNUAL INTERNATIONAL CONFERENCE ON COGNITIVE - SOCIAL, AND BEHAVIOURAL SCIENCES.V.20, P.144-181.DOI: 10.15405/epsbs.2017.01.02.16
3. Официальный интернет-ресурс Комитета по защите прав потребителей Министерства национальной экономики Республики Казахстан.
[http://kzpp.gov.kz/rus/presscentr/news/?cid=0&rid=4070\[10.03.2017\]](http://kzpp.gov.kz/rus/presscentr/news/?cid=0&rid=4070[10.03.2017])
4. Официальный интернет-ресурс «Wipon»
[http://wiponapp.com/\[10.03.2017\]](http://wiponapp.com/[10.03.2017])
5. Официальный интернет-ресурс «ratengoods»
[https://ratengoods.com/\[10.03.2017\]](https://ratengoods.com/[10.03.2017])
6. Джумабаев С,А. Рыночная атрибутика пищевых продуктов // - г. Караганда. РГК ПО «Полиграфия». – 1999. – 45с.